

**"Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 295 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен ( 01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 648-құжат) мынадай толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 24-1-қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-ж о л м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«3. Астана қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К.Мәсімов*